

Вып.9, 2004. – С.125-133. – Режим доступа – <http://cyberleninka.ru/article/n/neftyanoy-faktor-v-amerikano-azerbaydzhanskih-otnosheniyah-na-sovremennom-etape-1991-2001-gg>

Смирнов, С. ТНК в Казахстане. [Электронный ресурс]: / С. Смирнов – Центральная Азия и Кавказ. – №4 (46), 2006. – С.66-73 – Режим доступа – <http://cyberleninka.ru/article/n/tnk-v-kazahstane>

*Материал поступил в редакцию: 15.02.2018*

**АБИЛЬМАЛИКОВ, К.К.**

#### **XX-XXI ҒҒ. ТОҒЫСЫНДАҒЫ КАСПИЙ ӨҢІРІНДЕГІ «ТОТАЛЬ» ФРАНЦИЯЛЫҚ МҰНАЙ-ГАЗ КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

*Мақалада батыстық мұнай-газ корпорациялары Каспий теңізінің энергетикалық қорларына қызығушылық танытқан кезең, яғни 1990 ж. қазіргі кезеңге дейінгі Каспий өңірі елдеріндегі «Тоталь» француз мұнай-газ корпорациясының қызметі қарастырылады.*

*Кәмірсутектерді жеткізу көздерін әртараптандыру мақсатында американдық компаниялардан кейін өңірге еуропалық корпорациялар келді. Франциялық «Тоталь» компаниясы 1990 жылдан 2017 жылға дейінгі аралықта каспий өңірі елдері үшін ірі инвестор және Каспийдегі Қашаған, Абшерон сынды ірі кен орындарының әзірлеушісіне айналды.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер: «Тоталь», Каспий тарихы, энергетика, дипломатия, «мүдделер қақтығысы».*

**ABILMALIKOV, K.K.**

#### **THE ACTIVITIES FRENCH OIL COMPANY "TOTAL" IN THE CASPIAN REGION AT THE TURN XX-XXI CENTURIES**

*In the article the author considers the activity of the French Oil Corporation «Total» in the Caspian region since the early 1990 years, when western oil and gas corporations saw the potential in the energy resources of the Caspian Sea. After the American companies to the region came from European corporations, the purpose is to diversify sources of supply of hydrocarbons. The French company «Total» from 1990 to 2017 has become a major investor for the Caspian countries and development of major Caspian fields such as Kashagan and Absheron.*

*Keywords: Total, history, the Caspian Sea, energy, diplomacy, «war of pipelines».*

#### **ӘОЖ 81-114.4**

**Искакова, Ш.Қ.,**

*гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының  
аға оқытушысы, ҚМПИ*

**Жанжәгітов, С.Ж.,**

*ҚМПИ, Филология факультеті,  
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының  
4-курс студенті ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

#### **ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ЕТІСТІК КАТЕГОРИЯЛАРЫНА САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ҮЛГІЛЕРІ**

##### **Түйін**

*Бұл мақалада етістік категорияларының өзіне тән белгілері, түрлері, жасалу тәсілдері, грамматикалық формалары, категориялық грамматикалық мағыналары жан-жақты қарастырылып, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романында кездесетін етістіктерге тіркесімділік реті бойынша сатылай кешенді морфологиялық талдау жасалды. Талдау нәтижесі бойынша шығармадан терілген дара етістіктер де, күрделі етістіктер де тіркесімділік реті, грамматикалық форма түрлері және жасалу тәсілдеріне қарай синтетикалық және аналитика болып екі үлкен топқа жіктеліп, әр жасалу тәсіліне байланысты тіркесімділік үлгілері анықталды.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер: морфема, түбір, грамматикалық форма, форма тудырушы жұрнақ, жалғау, нөлдік морфема, аналитикалық формант, грамматикалық категория, сөз табы, етістік.*

## 1. Кіріспе

Бүгінгі таңда жоғары мектепте етістік категорияларына сатылай кешенді морфологиялық талдау назардан тыс қалып келе жатқан мәселе. Себебі бұл талдау түрінің қажеттілігі, маңызы мен оны жетілдірудің жолдары өз мәнінде шешімін таппай келеді. Мақаламызды жазудағы мақсатымыз: етістік категорияларының синтетикалық және аналитикалық тәсілдері бірліктерінің өзіне тән ерекшеліктерін, категориялық грамматикалық мағыналарын, бір-бірімен тіркесімділік ретін анықтап, оларға сатылай кешенді морфологиялық талдау жасау.

Сатылай кешенді морфологиялық талдауды жүргізбестен бұрын етістік категорияларына қысқаша шолу жасап өтейік.

Қазақ тіл білімінде әріден зерттеліп келе жатқан етістік тұлғаларын бір ізге салу барысында ғалымдар арасында әр түрлі қайшылықтар кездесіп отырған. Етістік тұлғаларын зерттеу қазір де өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Етістік – тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және көлемі ең кең грамматикалық категория. Етістіктің күрделілігі мен көлемділігі оның аса өрісті лексика-семантикалық сипатымен, бай лексика-грамматикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты. Ғалымдардың көпшілігі сөз таптарының ішіндегі сөзге молы, күрделісі етістік екендігін және бұл сөз табының күрделілігін оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, грамматикалық категорияларының көптігінен, сөйлемде атқаратын қызметінен, туынды сөз жасау жүйесінен т.б. қасиеттерінен көруге болатынын айтқан. Өзінің көнелілігімен де ерекшеленетін бұл сөз табына талай ғалымдар анықтама беріп кеткен [1;476.]

Ахмет Байтұрсынұлы «Етістік дегеніміз – заттардың еткен- етпеген істерін көрсететін сөздер» [ 2; 231б.] деп оның болымды, болымсыз, есімше, көсемше түрлерін атап көрсетеді. Ы.Маманов «Етістіктер дегеніміз – заттың іс-қимыл процесін, күйін білдіретін, шаққа, жаққа, райға, етіске, болымды, болымсыз болып түрленіп, сөйлемді құрастыруда ерекше қызмет атқаратын сөз табы» деп анықтама берсе [3; 476.], Сауранбаевтың айтуынша: «Етістік қимылды немесе қимыл түрінде өтетін түрлі процестердің атын білдіретін сөз табы» [4;8б.]. Етістік туралы басқа да оқулықтарда, грамматикаға арнап жазылған еңбектерде беріліп жүр. Солардың ішіндегі « етістік – қимыл, іс-әрекеттің атауы» дегенді С.Исаев қатеге шығарады: «Етістік қимыл, іс-әрекеттің атауын емес, нақ өзін білдіреді, ал атын (атауын) етістіктің белгілі бір формасы (қимыл атауы) білдіреді» [5; 81б.]. Етістікке қатысты өзге де даулы пікірлер кездеседі. Мәселен, етістіктің негізі, түбірі туралы көзқарастар. Ә.Төлеуов етістіктің морфологиялық белгілерін айта келе «Етістіктің түбірі II жақтың бұйрық райы болады да, оның басқа түрлері осы формасына қосымшалар қосылу арқылы жасалады. Яғни, оның морфологиялық категориялары бұйрық райдан өрбіп жатады: оқы, -р, -йтын, -ғалы, -й, -ған, -ып, -с, -ды, -са т.б.» дейді [6;68б.].

Етістік – күрделі сөзжасам жүйесі бар сөз табы. Ол туынды сөздерге өте бай, етістік құрамын тілдің тарихи дамуы бойында үнемі толықтырып отырған. Етістіктің сөзжасам жүйесінде түрлі тәсілдер қолданылады. Олар синтетикалық, аналитикалық, семантикалық тәсілдер. Етістікте алғашқы екі тәсіл өте өнімді. Етістік жасауға негізі түбір және туынды түбір сөздер негіз болады. Әрі қарай мағыналы морфемаларға бөлуге келмейтін: ал, аш, ақ, біл, кел, кет, қаш, төк, өл, өш, ұқ т.б. көбіне бір буынды түбірлер негізгі түбір делінеді. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан тасы, шоқы, сандал, тебірен т.б. көптеген етістіктерді де бүтін бір морфема, яғни негізгі түбір етістік есебіне аламыз. Синтетикалық (морфологиялық) тәсіл деп жаңа туынды етістіктердің, олардың неше алуан семантикалық категорияларының түбірге я негізге белгілі мағыналы формалардың қосылуы, жалғануы арқылы жасалуын айтамыз.

## 2. Материалдар мен әдістер

Қазақ тілінде грамматикатанушы ғалымдар етістікке байланысты арнайы зерттеулер жүргізіп, монографиялар жариялаған болатын. Етістікті әрі сөз табы ретінде, әрі мағыналық сипатын қосып талдаған зерттеулерден А.Қалыбаева (Хасенова), Н.Оралбаева, Ы.Е.Маманов, А.Ысқақов еңбектерін ерекше атаған жөн.

А.Хасенова «Қазақ тілі грамматикасында» түбір етістік дейтін межеге сыйдыруға келетін сөздерді іс-әрекет, қалып, амал процесінің динамикасын білдіруі жағынан зерттеп, оларды бірнеше лексика-семантикалық топтарға бөлуге болатынын атап айтқан болатын. Ұйымдастыру, жорғала, мияула сияқты туынды етістіктер де лексика-семантикалық топтардың құрамына енгізілген болатын. Жұмыста басқа түркі тілдерінде қалыптаспаған жаңа үлгіде жіктеу де ұсынылған, алайда бөлудің принциптері ашып көрсетілмеген.

М.Оразов 1983 жылы «Семантика казахского глагола» тақырыбында жазылған докторлық еңбегінде етістіктің 12 лексика-семантикалық тобын көрсеткен. Ғалым етістіктерді мағыналық топтарға жіктеуде сөйлесу етістіктерін семантикалық жағынан бөлгенімен, морфологиялық белгілерін де негізге алды.

А.Ысқақов оқулығында етістіктер лексика-семантикалық топтарға жіктелгенімен, оларды топтастырудың ғылыми принциптері көрсетілмеген (1991).

Ы.Мамановтың етістіктерді басты ерекшеліктері жағынан бірнеше топқа бөлуінде басқа ғалымдармен салыстырғанда айырмашылықтар бар. Ғалымның түбір етістіктерді семантикалық топтастырудағы ұстанған принципі А.В.Бондарко, Г.А.Золотова, З.Ахметжанованың функционалды грамматикалық теориясына байланысты теорияларымен үйлеседі. Әсіресе, ғалымның «негізгі түбір етістіктерді семантикалық жақтан мағыналық топтарға бөлуге келмейді, морфологиялық және синтаксистік тәсілдерінің белсенді қатысуының арқасында ғана түбір етістіктерді мағынасына қарай бөлуге болады» деген теориясы қазіргі функционалды семантиканың негізгі принципі. Ы.Маманов қазақ тіл білімінде етістікті лексика-семантикалық топтарға жіктеп көрсеткен ғалымдардың бірегейі. Қазіргі кезде етістіктің жекелеген лексика-семантикалық тобы арнайы қарастырылуда.

М.Балақаев, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаевтардың авторлығымен жарыққа шыққан «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында, сонымен қатар бұл зерттеулерге дейін жарық көрген Қ.Жұбанов (1936), С.Аманжолов (1938), І.Кеңесбаев пен С.Жиенбаевтың «Грамматикаларында» (1942) етістік тарауы сабақты етістік пен салт етістік, болымды және болымсыз етістік, етіс категориясы, рай категориясы, шақ категориясы, жақ категориясы, есімше мен көсемше формалары үзілмей берілумен бірге, кейбір толықтырулар мен лингвистикалық атаулар нақтыланып, өзгерістер енгізіліп отырса да, белгілі бір дәстүрлі жүйе берік сақталып келеді [7;12-15б.]

Тілімізде етістік түбірдің грамматикалық сипатын айқындауда кездесетін пікір-таластар көп. Мәселен: А.Ысқақов етістіктің грамматикалық категорияларына: 1) қимыл атау категориясы, 2) сабақтылық және салттылық категориясы, 3) етіс категориясы, 4) болымдылық және болымсыздық категория, 5) амалдың өту сипаты категориясы, 6) есімшелер категориясы, 7) көсемшелер категориясы, 8) рай категориясы, 9) шақ категориясы, 10) жіктік, көптік жалғауының шаққа қатынасы [8; 286-287 б.].

С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» деп аталатын зерттеуінде етістіктің грамматикалық категориялары жайында жазылған Ы.Маманов, А.Ысқақов, Н.Оралбаева, А. Қалыбаеваның зерттеулерін теориялық тұрғыдан талдай келіп, етістіктің грамматикалық категорияларын лексика-грамматикалық және таза грамматикалық категория деп аталатын екі топқа бөледі. Ғалым етістік категорияларын бұлай бөлуде етістіктің грамматикалық формаларының түбір білдіретін лексикалық мағынаға аздап болса да өзгеріс енгізу, енгізбеуін негізгі алған. Лексика-грамматикалық категориялар туралы С. Исаев былай деп жазады: «Біріншіден, ол – етістік түбірінің, бір жағынан, грамматикалық сипатын өзгертпей, екінші жағынан, түбірдің семантикасына (мағынасына) аз да болса өзгеріс енгізіп, басқаша грамматикалық мағына, немесе, жаңа мән үстейтін тұлғалар» (1998.159-бет). Мыса-

лы, болымды-болымсыз етістіктің мағынасын салыстырсақ, айт-айтпа, бар-барма, кел-келме т.б. іс-әрекеттің орындалуы мен орындалмауының, болуы мен болмауының арасында қайшылық мән бар. Таза грамматикалық категорияларға С.Исаев етістік түбірі білдіретін лексикалық мағынаға ешқандай өзгеріс енгізбейтін, тек әртүрлі категориялық грамматикалық мағыналар үстейтін категорияларды жатқызады.

Ғалым етістіктің лексика-грамматикалық категорияларына салт-сабақты етістік, етіс, болымсыз етістікті жатқызса, таза грамматикалық категорияларға рай, шақ, жақ категорияларын жатқызады. Ал тұйық етістік, есімше, көсемшені етістіктің ерекше тұлғалық түрлері деп қарастырады. Басқа еңбектерде бұларды грамматикалық категорияларға жатқызады.

Қазақ тіл білімінде етіс категориясы жайында да қайшы пікірлер кездеседі. А.Ысқақов, А. Қалыбаева, Н. Оралбаева сынды көрнекті ғалымдар етіс категориясының жұрнақтарын сөзжасамның синтетикалық тәсіліне жатқызса, Ы.Маманов, С.Исаев етіс тұлғалары сөзжасам қосымшалары емес, «етістіктің лексика-грамматикалық категориясы» деп қарастырған.

Тіл білімінде грамматикалық қызметінің орныққанына қарамастан бүгінге дейін екі түрлі көзқараста қарастырылып жүр. Оның бірі, модаль сөздерді профессор С.Исаев дербес көмекші сөз табы ретінде қарастырса, ал ғалым Н.Оралбаева модаль сөздерді жеке сөз табына жатқызбайды. Автор бұл туралы: «Модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдік көрсеткіш болғандықтан олар қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қалпында қалады және олардың саны аз» деген тұжырым жасаған.

### 3. Нәтижелер мен талқылаулар

Морфологиялық талдаудың сатылай кешенді нұсқасының бұрынғы дәстүрлі талдау үлгісінен түпкілікті айырмашылықтары бар. Біріншіден, жалаң сөз құрамы мен сөз таптарын ажыратудан тұрмайды. Сөздің лексикалық-грамматикалық мағынасы қатар қамтылады. Кешенді талдаудың нәтижесінде үйренуші сөздік құрамын ажыратып қана қоймай, өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін анықтауға тырысады, лексикалық мағынасын жазу арқылы сөздікпен жұмыс жасауға үйренеді.

Сөзге сатылай кешенді морфологиялық талдау жасауды, ең алдымен, сөзге морфемдік талдау жасаудан бастаймыз. Сөз құрамындағы лексикалық және грамматикалық мағыналы бөлшектердің санын, яғни морфемаларды анықтаймыз. Талдаудың екінші сатысында тұлғасына қарай негізгі не туынды, ал үшінші сатыда құрылысына қарай дара не күрделі екендігі ажыратылады. Сатылай кешенді талдаудың төртінші сатысында жалпы грамматикалық мағынасы анықталады. Бесінші сатысында сөздің лексикалық мағынасы, келесі сатыда сөз табы мен салттылық, сабақтылық мағынасы беріледі. Жетінші сатыда, әр морфеманың грамматикалық категорияға қатысы анықталады. Сатылай кешенді талдаудың сегізінші сатысында грамматикалық форма түріне қарай, яғни жасалу тәсіліне байланысты синтетикалық не синтетика-аналитикалық тәсілі ажыратылады. Талдаудың соңғы сатысында етістіктің грамматикалық формаларының түріне және категориялық грамматикалық мағынасына қарай олардың грамматикалық категорияға қатысы анықталады.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романын талдай келе, етістіктерге морфологиялық сатылай кешенді талдау жасалды. Талдау нәтижесі бойынша, ең алдымен, шығармадан терілген етістіктер құрылысына қарай дара және күрделі, жасалу тәсіліне байланысты синтетикалық және синтетика-аналитикалық болып екі үлкен топқа жіктелді. Романда кездескен дара және күрделі етістіктер тіркесімділік реті бойынша төмендегідей үлгі негізінде талданып, дара етістіктердің сатылай кешенді морфологиялық талдауының он үлгісі, күрделі етістіктердің тоғыз үлгісі анықталды.

1. ТҮБІР + Болымдылық-болымсыздық к.+ Шақ к. + Жақ к.
2. ТҮБІР + Болымдылық-болымсыздық к.+ Рай к. + Жақ к.
3. ТҮБІР + Етіс к. + Болымдылық-болымсыздық к. Шақ к.
4. ТҮБІР + Қимылдың өту сипаты к. + Етіс к+ Болымдылық-болымсыздық к.+Шақ К + Жақ к.


5. ТҮБІР + Етіс к. + Болымдылық-болымсыздық к. Шақ к. + Жақ к.
6. ТҮБІР + Болымдылық-болымсыздық к. Шақ к.
7. ТҮБІР + Қимылдың өту сипаты к. +Болымдылық-болымсыздық к. + Шақ к. +Жақ к.
8. ТҮБІР + Етіс к. + Болымдылық-болымсыздық к.+ Рай к. + Жақ к.
9. ТҮБІР + Қимылдың өту сипаты к. + Болымдылық-болымсыздық к. + Шақ к.
10. ТҮБІР + Болымдылық-болымсыздық к.+Қимылдың өту сипаты к + Рай к. + Жақ к

**Синтетикалық және синтетика-аналитикалық тәсілмен жасалған дара егістіктерге жүргізілген сатылай кешенді талдау үлгілері**

**1-үлгі**

Түбір + Қимылдың өту сипаты.к +Болымдылық-бол.к + Шақ.к +Жақ.к


**сипалаған ØØ**



**2-үлгі**

Түбір + Етіс.к + Болымдылық-болымсыздықб.к + Қимылдың өту сипаты.к + Шақ.к + Жақ.к


**Жығылып кеттіØØ**



**Синтетикалық және синтетика-аналитикалық тәсілмен жасалған  
күрделі етістерге жүргізілген сатылай кешенді талдау  
3-үлгі**

Түбір + Болымдылық-болымсызды.к + Шақ.к + + Жақ.к


**Алып қайтқан ӨӨ**



**4-үлгі**

Түбір + Болымдылық-болымсызды.к + Шақ.к + + Жақ.к

**мәз қылмаса Ө**



**4. Қорытынды**

Етістік – тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және көлемі ең кең сөз табы. Етістіктің күрделілігі мен көлемділігі оның аса өрісті лексика-семантикалық сипатымен, бай лексика-грамматикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты.

Етістіктерге сатылай кешенді морфологиялық талдау жасау Н.Оразахынованың және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылғанмен, жоғары мектепте етістік категория-

ларына сатылай кешенді морфологиялық талдау әлі де толық түрде зерттелмеген. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Мақаламызда етістіктің грамматикалық категорияларына байланысты ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, етістік категорияларының өзіне тән белгілері, түрлері, жасалу тәсілдері, грамматикалық формалары мен категориялық грамматикалық мағыналарын жан-жақты қарастырып, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романында кездесетін етістіктерге тіркесімділік реті бойынша сатылай кешенді морфологиялық талдау жасадық. Талдау нәтижесі бойынша шығармадан терілген дара етістіктер де, күрделі етістіктер де тіркесімділік реті, грамматикалық форма түрлері және жасалу тәсілдеріне қарай синтетикалық және синтетика-аналитикалық деп аталатын екі үлкен топқа жіктеліп, әр жасалу тәсіліне байланысты тіркесімділік үлгілері анықталды. Мақалада етістіктерге жалғанатын лексика-грамматикалық және таза грамматикалық категория формаларының тіркесімділігіне байланысты сатылай кешенді морфологиялық талдаудың дара етістіктерге тән он үлгісі, күрделі етістіктерге қатысты тоғыз үлгісі беріліп, әрқайсысы нақты мысалдармен дәлелденді.

Қорыта келгенде, етістіктің лексика-грамматикалық және таза грамматикалық категорияларының синтетикалық және аналитикалық тәсілдері бірліктерінің түрлері, өзіне тән, ерекшеліктері, категориялық грамматикалық мағыналары, бір-бірімен тіркесімділік реті анықталып, сараланды.

### Әдебиеттер тізімі

А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

Академик Н.Сауранбаевтың еңбектері. Алматы: Кенже пресс, 2000. – 400 б.

Ә.Төлеуов. Сөз таптары. Алматы: Мектеп, 1982. -123 б.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты : оқулық / С. Исаев. – Алматы : Рауан, 1998. – 304 б.

Қазақ тілі грамматикасы. А.1967. 1 том.Алматы. – 263 б.

Қазақ тілі морфологиясы жөніндегі ілімдердің қалыптасуы мен дамуы (Ы. Е. Маманов еңбектері негізінде) [Мәтінб.]: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Шәріпжанова Ғ. Ғ. - Алматы : [б. и.б.], 2007. – 30б.

С.Исаев. Қазіргі қазақ тілі (морфология) курсы бойынша теориялық және практикалық сабақтардың мазмұны (әдістемелік құрал). Алматы, 2003. -291 б.

Торайғыров С. Қамар сұлу /С. Торайғыров. Қалың мал /С. Көбеев. Адақандар /С. Мұқанов: роман. – Алматы: Жазушы, 2009. – 416 б.

Ы.Маманов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б.

*Мәлімет редакцияға түсті: 13.03.2018*

### ИСКАКОВА, Ш.К., ЖАНЖИГИТОВ, С.Ж.

#### ПОЭТАПНЫЙ КОМПЛЕКСНЫЙ МОРФОЛОГИЧЕСКИЙ РАЗБОР КАТЕГОРИЙ ГЛАГОЛОВ

*В этой статье представлен комплексный морфологический анализ грамматических категорий глаголов, встречающихся в романе Султанмахмута Торайгырова «Камар сулу»; рассмотрены грамматические формы, виды, пути образования глаголов.*

*В результате анализа как отдельные глаголы, так и сложные глаголы, выбранные из произведения, были разделены на две основные группы: синтетические и синтетико-аналитические.*

**Ключевые слова:** морфема, корень, грамматическая форма, формаобразующий суффикс, окончание, нулевая морфема, аналитический формант, грамматическая категория, части речи, глагол.

ZHANZHIGITOV, S.ZH., ISKAKOV, SH.K.

**SAMPLES PHASED COMPREHENSIVE ANALYSIS OF THE VERB CATEGORIES IN THE UNIVERSITY**

*In this article, a complex morphological analysis is analyzed for the categories of verbs encountered in the example of Sultanmakhmut Toraigyrov "Kamar Sulu"; grammatical forms, kinds, ways of formation of verbs are considered.*

*According to the results of the analysis, both simple and complex verbs, selected from the text, a work by the form of a combination, according to grammatical forms and forms of education, are divided into two large groups, in which each of them identifies the compatibility keys.*

**Keywords:** *morphema, root, grammatical forms, ending, zero morpheme, analrtical formants, grammatical categories, parts of speech, verb.*

УДК 37.022

**Kappazova, Sh.T.,**

*Graduate student of KSU A.Baitursynov*

**Utegenova, B.M.,**

*Candidate of pedagogical sciences,*

*associate professor, KSPI*

*Kostanay, Kazakhstan,*

**IMPORTANCE OF MOTHER TONGUE IN CONDITION  
OF FORMING TRILINGUALISM**

**Abstract**

*The article examines the role of mother tongue in trilingual education and its importance in the formation of a person. At the same time, the problems of trilingualism on the ethnology of each population, the problems of trinity in school have been analyzed.*

**Keywords:** *trilingualism, native language, foreign language, Russian language, traditions, people*

**Introduction** The 21st century has been known as the epoch of multilingual, polyglot and multilingual personalities. The unity of culture and linguistics and the cultivation of the world's citizens in the tolerant spirit of the language and culture of another country, are trying to understand the multicultural masterpieces of art, and a great space for their realization.

In nature, there is no way to turn a monolingual person into a multilingual person with magic. Even learning a communicative language in one foreign language requires long-term, hard-working and complex psychological training.

Mother tongue is the basis for the development of the human mind, the emotional self-consciousness and the creative personality of the human being, which can create spiritual and material values. Understanding and comprehension of structural elements of ethnic culture by mastering the peculiarities of native language, learning Russian and English is much easier and more successful. The need to recognize the general and distinctive features of other genetic kinships, the cultures of the unions and their people, and the full understanding of the native language, are interconnected in the consciousness of the human being with the essential elements of ethno-cultural identity.

**Materials and Methods:** Today, on trilingual issues there are books (Вафеев Р.А. 1984), textbooks (Занкиева 1998), linguistic (Зорграф 1990) and methodological (Лебединская 1985, Шульга 1998). However, we can not say that this issue has been resolved positively.

In the process of learning trilingualism, students use the language they know as their primary language. In today's society there are the first foreign language (Russian) – Russian language, second foreign language (SFL) – English, and native language - Kazakh. The similarity between the Kazakh and Russian languages, such as the availability of writing, the similarity of the lexical com-